

# ЦИФРЛАНДЫРУ - БАРЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ НЕГІЗІ


Цифрландыру – ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің негізгі құралы. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында алдымызда цифрлық теңсіздікті жою, интернетке барынша қолжетімділікті және барлық азаматтардың сапалы байланысын қамтамасыз ету міндеті тұрғандығын айтқан болатын. Осы Жолдаудың негізінде М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайға байланысты студенттерді қашықтықтан оқытумен қамтамасыз етіп отыр.

Колледжде цифрлық білім беру технологияларын енгізу бойынша түрлі жобалар іске асырылып келеді. Яғни мемлекеттік қызметтердің біріңғай порталы College smartnation – техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған біріңғай порталы колледждердің жалпыға қолжетімді тізілімі және колледжді басқару жүйесімен тығыз ынтымақтастық жасайды. Сондай-ақ, алдағы уақытта да колледждің негізгі зерттеу бағыттарының ішінде карантиннен кейінгі кезеңде де білім беруді цифрландыру басым бағыты болып қала бермек.

College Smart Nation порталы колледж оқытушылары мен студенттері үшін өте ыңғайлы. Яғни топ кураторы және оқытушылар студенттердің үлгерім сапасын, дәріске қатысуын күнделікті қадағалауға толық қол жеткізіп отыр.

1. College Smart Nation порталында оқу процесінің кестесі бойынша барлық ақпарат орналастырылған. Атап өтетін болсақ: оқытушылар тізімі, оқу жоспары, оқу кестесі, топтардың атауы, әр топтағы студенттер саны, электрондық журнал, тапсырмаларды орналастыру, бағалау, бағалауға түсініктемелер.

2. Порталдың көмегімен күн сайын студенттермен және оқытушылар бойынша мониторинг жүргізіледі. Мониторинг арқылы студенттердің белсенділігін, сабаққа қатысуын, оқытушылардың тапсырма берілген күнін, бағалау күнін, тапсырмалардың тағайындалғанын, білім алушылардың тапсырманы қарап, орындағанын қадағалап отыру мүмкіндіктері қарастырылған.



3. Порталда электрондық кітаптар орналастырылған, яғни электрондық кітапхана қоры, оның ішінде оқылатын пәндер бойынша, әдебиеттер және оқу әдістемелік кешендер, курстық, дипломдық жұмыстарға арналған әдістемелік құралдар, нұсқамалар бар, оларды кез келген уақытта студенттер мен оқытушылар пайдалана алады.

4. Колледжде өзінің YouTube арнасы бар. Мұнда студенттер мен оқытушыларға осы платформаны пайдалану туралы бейненұсқаулар беріп отырады. Қажет болса мұғаліммен байланысуға және өткен немесе зерттелген материал бойынша сұрақтар қоюға болады. Студенттер мен педагогтарды қолдау үшін колледж қашықтықтан оқыту кезінде әр түрлі бағдарламалар

(WhatsApp, Zoom, mail.ru, google.com, YouTube) қолдана алады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен тұрақты байланыс жүргізілуде, кез келген мүмкін және қажетті көмек көрсетіледі. Білім алушылардың үлгерімі және сабаққа қатысуы туралы барлық ақпарат ашық.

Сонымен қорыта келе айтпағымыз, Президентіміз өз Жолдауында «Цифрландыру – барлық реформалардың базалық элементі» дегендей, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технология келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, әрбір оқушының жеке дара қабілеттерін ілгері дамытуға, инновациялық технологияның, техниканың соңғы жетістіктерін оқу жүйесіне енгізуге, электронды оқыту жүйесін оқу процесіне енгізіп, оқушылардың мамандыққа қызығушылығын қалыптастыруда өте қолайлы.

**С.САНДЫБАЕВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің «Ақпараттық технологиялар» бөлімінің меңгерушісі.**